

Көшелерге атау беру туралы

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққұм ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 22 сәуірдегі № 4 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 сәуірде № 5491 болып тіркелді

“Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы” Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы, “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңдарына және Қызылорда облыстық ономастикалық комиссиясының 2016 жылғы 13 сәуірдегі № 2 қорытындысына сәйкес Аққұм ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аққұм ауылдық округінің Аққұм ауылының атауы жоқ көшелеріне келесідей атаулар берілсін:

- 1) 1-көшеге “Бейбітшілік”;
- 2) 3-көшеге “Бимұрат Ақдәулетов”.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аққұм ауылдық
округінің әкімі*

Т. Тулегенов